

Түпқараған аудандық мәслихатының 2016 жылғы 8 шілдедегі № 4/30 "Түпқараған ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормаларын бекіту туралы" шешіміне өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Маңғыстау облысы Түпқараған аудандық мәслихатының 2019 жылғы 23 шілдедегі № 32/255 шешімі. Маңғыстау облысы Әділет департаментінде 2019 жылғы 31 шілдеде № 3960 болып тіркелді. Күші жойылды - Маңғыстау облысы Түпқараған аудандық мәслихатының 04 қарашадағы 2021 жылғы № 8/46 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Маңғыстау облысы Түпқараған аудандық мәслихатының 04.11.2021 № 8/46 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Құқықтық актілер туралы" Заңының 10 бабының 3 тармағына, 50 бабының 2 тармағына және Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2018 жылғы 15 қазандағы № 409 "Коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормаларын есептеудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2014 жылғы 25 қарашадағы № 145 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы" бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 17634 болып тіркелген) сәйкес, Түпқараған аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫҚ:**

1. "Түпқараған ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормаларын бекіту туралы" Түпқараған аудандық мәслихатының 2016 жылғы 8 шілдедегі № 4/30 шешіміне (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 3127 болып тіркелген, 2016 жылғы 19 тамызда "Әділет" ақпараттық - құқықтық жүйесінде жарияланған) келесідей өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген шешімнің қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. "Түпқараған аудандық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесі (аппарат басшысы Кельбетова Э.) осы шешімнің әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін, оның Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкі мен бұқаралық ақпарат құралдарында ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылау Түпқараған аудандық мәслихатының бюджет мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясына (комиссия төрағасы Озгамбаев К.) жүктелсін.

4. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ол алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Сессия төрағасының өкілеттігін жүзеге асырушы,
Түпқараған аудандық мәслихатының хатшысы*

А. Досанова

Түпқараған аудандық мәслихатының
2019 жылғы 23 шілдедегі
№ 32/255 шешіміне
қосымша

Түпқараған аудандық мәслихатының
2016 жылғы 8 шілдедегі
№ 4/30 шешіміне
қосымша

Түпқараған ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормалары

№	Коммуналдық қалдықтар жинақталатын объектілер	Есептік бірлік	Коммуналдық қалдықтардың жинақталуының орташа жылдық нормасы, м ³
1	Жайлы үй және жайлы емес үйлер	1 тұрғын	1,68
2	Қонақ үйлер, санаторийлер, демалыс үйлері	1 орын	2,34
3	Балабақшалар, бөбекжайлар	1 орын	0,26
4	Мекемелер, ұйымдар, офистер, кеңселер, жинақ банктері, байланыс бөлімшелері	1 қызметкер	0,82
5	Емханалар	1 келіп кету	0,15
6	Ауруханалар, өзге де емдеу-сауықтыру мекемелері	1 төсек-орын	2,12
7	Мектептер және өзге де оқу орындары	1 оқушы	0,15
8	Мейрамханалар, дәмханалар, қоғамдық тамақтану мекемелері	1 отыратын орын	0,71
9	Мұражайлар, көрмелер	Жалпы алаңы 1 м ²	0,017
10	Стадиондар, спорт алаңдары	Ж о б а бойынша 1 орын	0,07
11	Спорт, би және ойын залдары	Жалпы алаңы 1 м ²	0,05
12	Азық-түлік, өнеркәсіптік тауар дүкендері, супермаркеттер	Сауда алаңы 1 м ²	0,655
13	Базарлар, сауда павильондары, дүңгіршектер, сөрелер	Сауда алаңы 1 м ²	0,88

14	Азық-түлік тауарларының көтерме базалары, қоймалары	Жалпы алаңы 1 м ²	0,09
15	Дәріханалар	Сауда алаңы 1 м ²	0,275
16	Автотұрақтар, автомобильді жуу орындары, АЖС, гараждар	1 машина-орын	1,23
17	Автомобиль шеберханалары	1 жұмысшы	1,55
18	Шаштараздар, косметикалық салондар	1 жұмыс орны	1,905

Аббревиатуралардың ажыратылып жазылуы:

АЖС- автокөлікке жанармай құю станциясы;

м² - шаршы метр;

м³ - текше метр.